

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдаурен» Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Ермек Мадина Сарсен Жұлдыз				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	28.11.2022 - 02.12.2022.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

	(сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Бөлме өсімдіктерін жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға суару әдістері және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасауға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды үлкендерге өз қолдарынан келетін көмек көрсетуге тарту, бөлме өсімдіктері туралы балалардың идеяларын нақтылау.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім және аяқкиімнен босату, сөрелерді дымкыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, тәртіп сақтауды үйрету. Ұжымда тату-тәтті еңбектенуге үйрету.	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсек-орнын ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.
	Дидактикалық	Үстел үсті ойыны.	Дидактикалық	«Суреттер	«Заттарды

	ойын "Ненің ізі?» Мақсат-міндеттері. Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту)	"Логикалық ойын". Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	кұрастыру». Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	салыстыру». Мақсат-міндеттері. Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: балалар әртүрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке.
--	---	--	--	---	---

					Кең - тар. Биік - аласа. Үлкен - кішкентай. Ұзын - қысқа . Ұғымдарын үйрету. (математика негіздері)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақтарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға және солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек топылдату. 3.2. Аяқтың ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа келу. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай.				

	Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгіліне байланысты тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту)	"Қысқы тіршілік" туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Еңіс тақтайдың үстімен жүру". Мақсат-міндеттері. Еңіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан (жолақтар арақашықтығы 50 см) екі аяқпен екі аяқпен аттап, секіру және бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты бастарынан асыра лақтыруды үйрету. "Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.	Қазақ тілі "Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыз мезгілі жайлы мнемокесте және сызбалық суреттер негізінде "қыс", "қысқы табиғат құбылыстары" туралы түсініктерін қалыптастыру; "қыс" пен "жаз" мезгілдеріне байланысты антоним сөздерді дұрыс дыбыстауға жаттықтыру.	Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға екеуден тұруға; допты алысқа дәлдеп лақтыруды (3,5–6,5 м кем емес); сызықтардың арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. "Кедергілерден оңай өтеміз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалар кедергілерден	Музыка "Қыс бояулары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сын-сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын. "Қояндар". Мақсат-міндеттері. Балаларға музыканың көңілді	Дене шынықтыру "Досқа нені үйретемін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруды; көлбеу тақтайдың үсітмен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруді үйрету. "Баскетбол" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліп, баскетбол добына арналған торға белгіленген

	Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліну, бір сызыққа тұрғызу, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге дағдыландыру. (дене шынықтыру)	Өлеңді мәнерлеп оқу. "Ну орманда қар жауып". Мнемокесте арқылы өлеңді топпен мәнерлеп қайталау. Сөзді-ырғақты жаттығу "Ну орманда қар жауып". Сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу "Жазда, қыста". (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Музыка "Қыс әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін	"жылан" тәрізді жорғалап өтулері керек. (дене шынықтыру)	не мұңлы, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. (музыка, сөйлеуді дамыту)	нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыруды үйрету. (дене шынықтыру)
--	--	--	--	---	--

		музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырату қабілетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын. "Үлкен – кішкентай". Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды ажыратуды; музыканың ырғағын сезінуді үйрету. (музыка, сөйлеуді дамыту)			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарға мен	Қардың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір	Қар мен мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін	Қайың мен шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары

	сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешектіктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, оның өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене	қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. "Допты қақпаға	немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары."Бос орын". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене шынықтыру)	бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. Зерттеу. Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбектенуді, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс	мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру) "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)
--	---	--	---	---	--

	шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу,	түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері." Қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.	Мақсат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде оған қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан шығып кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші залға кіріп, балалар жасырып қойған затты іздей бастайды. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет". Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап	ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. "Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3 - 10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған	Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шарты бойынша ойнауды, мұқият және белсенді болуды; батылдыққа, шапшаңдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады:
--	--	--	--	---	---

	қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Д. Ахметова. "Қаракұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын		түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары.	дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер кұрып, көздерін жұмуға тырысады. Ойын басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып оны тығады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатысушылардың барлығына естітіндей дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны	Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп әкетіп, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беруі тиіс. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту.
--	---	--	--	---	---

	шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. (дене шынықтыру) Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.			алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: еңбектеу. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді, батылдықты дамыту, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.
--	---	--	--	---	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Балаларды ақырын сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркемсөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Бесін ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу.

	Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жатығу "Аппақ қыс". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру. «Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту. (қоршаған	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Сыңарлы және сыңарсыз киімдер". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың көлемінің қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, "ені", "ұзындығы", "көлемі" ұғымдарын бекіту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу) Дидактикалық ойын. «Артығын тап». Әрбір балаға	Сурет салудан ойын-жаттығу "Аулаға қар жауды". Мақсат-міндеттері. Балаларға бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы суретті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің сұлбасын салып, қардың суреттің әр жеріне қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау. "Мозаика", "Лото" үстел үсті	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Боран". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қ. Көпішевтің "Ақ боран" атты тақпағымен таныстырып, қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындыру; тақпақ жаттауды жаттықтыру; көркемсөзге қызығушылықтарын арттыру; қыс көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануды үйрету.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қыс келді" тақпағын жаттау". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "тақпақ" түсінігін қалыптастыру, қыс туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы ұғымдарды көркемдеуіш сөздер арқылы толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Құрастырудан

	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу) Дидактикалық ойын. "Қыста не болады?" Мақсат-міндеттері. Күз бен қыс мезгілдерінің құбылыстарын ажырату. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Осы суреттердің ішінен бала, күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және суретті бейнелеп береді. Мысалы: күн бұлттардың артында жасырынып тұр.	карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттерден артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	ойындары. Мақсат-міндеттері. Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар) Вариативті компонент. Құрастыру "Бәйтерек". Мақсат-міндеттері. Балаларды макарон өнімдерін трафаретке қойып "Бәйтеректі" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту; сары түсті жылтырлақтармен безендіргенде желімді пайдалану техникасын	(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аққала". Мақсат-міндеттері. Балаларға тұзды қамырдан аққала сомдауды үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке қосып тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту. Дидактикалық ойын. "Қате тап". Құрастыру. "Зәулім ғимараттар". Мақсат-міндеттері. Қиял, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)	ойын-жаттығу "Ақтөске үйшік құрастырамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрамында: тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске қыс мезгілінде тұруға арналған үйшікті құрастыруды үйрету. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)
--	---	--	---	---	--

	(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)		жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу)		
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын. «Сыңарын тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі: геометриялық пішіндерді алып, ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, бастайық! Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. (сөйлеуді	Шешуін тап, заттарды ата. Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Осы суреттерді кез келген реттілікпен фланелеграфқа бекітеді де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан	Дидактикалық ойын. «Сөз ойла». Мақсат-міндеттері. Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады. - Әдепті - ... - Әдепсіз - Жақсы - ... - Жаман - Ақ -... - Қара - Үлкен -... - Кішкентай - Сыйлау- ... - Сыйламау (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, сурет салу)	"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Сипаттама: балалар жауап беруге тиіс ұсыныстар мен жұмбақтарды алдын ала дайындау. Мысалы: * түрлі-түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды

	рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)	дамыту, қазақ тілі, құрастыру)	қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс. Тәрбиеші: - Инде не тұрады? - Тышқан. - Тышқан неден қорқады? - Мысықтан. - Суды қайда құямыз? - Шелекке. - Қыста немен сырғанаймыз? - Шанамен. - Қуыршаққа не тағамыз? - Моншақ. - Алманы (гүлді) қайда жинаймыз? - Себетке. Тәрбиеші барлық балалардың сұрақтарға дәл жауап беруін, яғни фланелеграфтан сәйкес келетін		ұнатады, балшырынмен қоректенеді. (Көбелек.) * көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді. (Пойыз.) * жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап ұлиды. (Қасқыр.) * жабайы жануар, қызыл шашты, ертегілерде әрқашан алдайды. (Түлкі.) * сары қабығы бар жеміс. (Лимон.) (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу)
--	---	--	---	--	--

			заттарды табуын және сөздегі - ш, - с дыбыстарын дұрыс айта білуін қадағалайды. Осы тектес ойын арқылы сөздегі - ж, - з дыбыстарын дұрыс айтуды жаттықтыруға болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)		
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Қарға мен сауысқанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен	Қардың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Шыршаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Қайың мен шетенді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді

	танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдайды, оның сыртқы пішіні өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа	дамыту) Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене	дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін еске сақтауды үйрету, шыршаныбасқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары."Бос орын". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	дамыту) Мақсат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. Зерттеу. Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға	дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)
--	---	---	---	---	---

тәрбиелеу. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың	шынықтыру) "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. "Қақпаға" допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын	Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері: есту қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші залға оралады, затты іздей бастайды. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек	қызығушылықты қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. "Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3-10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе	"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, шапшаң жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 м жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады.
--	---	---	---	---

	ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды жоғары көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды жоғары көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Д. Ахметова. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай	материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.	жет". Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары.	ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тұруға тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатысушылардың барлығы еститіндей дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне	Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Ұзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беруі тиіс. Өзіндік еркін ойын әрекеттері,
--	--	--	---	---	--

	жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.			жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: еңбектеу. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға	қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.
--	--	--	--	--	--

				тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Театрды сахналау. "Қолғап" ертегісін қолғаппен сахналау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындықты бастау. (музыка) Өнер бұрышында ұлпақарларды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Дамытушылық ойын. "Бұзылған телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, көру, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Барысы. Балалар тізбек бойынша отырады. Жүргізушіні санамақ айту арқылы таңдап алуға болады. Алдымен, педагог балаларға ойын тәртібінің үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын тәртібін нақты орындап, бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші өзі ойлаған заттың атауын қасында отырған баланың құлағына сыбырлап айтады. Бала				

	естіген сөзін келесі отырған балаға сыбырлап айтады, ойын осылай жалғасады. Соңғы отырған бала естіген сөзін дауыстап хабарлайды. Егер бала айтқан сөз, бастаушы ойлап тапқан сөз болып шықса, телефонның ақаусыз жөнделгенін білдіреді. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай шықса, балалар зерттеу жүргізіп, бастапқы сөздің қандай сөзге бұрмаланғанын анықтайды. Әр ойын айналымынан кейін, бірінші отырған бала тізбек соңына барып отырады, сол себепті әр жолы, бірінші отырған бала жаңарып отырады. (сөйлеуді дамыту) Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жаңа жылдық шырша» көрмесі.	Кеңес беру. «4-5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы».	«Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру.	«Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасында оқитын тақпақтарын беру, ата-аналармен мерекені өткізу туралы әңгімелесу.	"Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме.

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**